

**«ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ»  
ТЕРМИНІНІҢ  
ЛЕКСИКА-  
СЕМАНТИКАЛЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ**

Астанада өткен Қазақстан халқының Ассамблеясының 15-ші сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды. Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын. «Бізде демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойына келгенді істеуге болады деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында [1]. Мемлекет басшысы – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті дәрісі қазіргі уақытта барша қазақстандықтардың басты назарында болып отыр. Елбасы аталмыш мақалаларында тәуелсіздік жылдары мен бейбіт кезеңдегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта түрленуіне толыққанды талдау жасаған болатын. Сондай-ақ, Елбасы ХХІ ғасырдың реалийлеріне сәйкес әрекет етудің тактикалық жоспарларын нақтылай отырып көрсеткен. Әсіресе, Президенттің қазақстандық табысқа қол жеткізудің үш кілті туралы ережені шығармашылық көзқараспен қарастыра келе, оны байыпты да терең тұрғыдан мазмұндауында да үлкен теориялық және практикалық мән жатыр. Бұл, біріншіден, 135 этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы. Екіншісі – толеранттылық болса, ал үшіншісі – тарихи тағдырлардың қауымдастығы.

Ал енді, «толеранттылық» – деген терминнің түпкі мағынасын түсініп, анықтап алуға тырысайық. Кейбір деректерге көз жүгіртіп, үңіліп қарайтын болсақ, «толеранттылық» деген сөз француз саясаткері Шарль Морис де Тайлеран деген адамның атынан пайда болды – деседі. Ол адам барлық қатарластарын, әріптестерін сатып кеткен, яғни қажетті адамдарды сатып кету арқылы сыртқы істер министрі лауазы-

мын түрлі режимдерден өту кезінде сақтап қалып отырған: Директориялардан бастап Луи Филипптің басқарғанына дейін – жалпы ол 14 ант берген. Оның адамдарды сатып кету қабілеті шын мәнінде ғажайып, ерекше болған: мысалы ретінде келтіріп кетсек, ол тіпті Александр I патшасын да сатып кеткен, әрине ол үшін ол ең алдымен Францияны сатып кеткені белгілі. Ол өзінің ерекше қасиетімен барлық адамдарды таң қалдырып отырды, тіпті өзінің уақытша патроны Наполеон Бонапартты да таң қалдырған. Соңғы сатып кеткен адамы былай деп айқай салған екен: «Мен сатқындықтан құрыдым». Талейран дінді, Людовик XVI-ні, Құрылтай жиналысын, Директорияны сатып кеткен. Тайлеранның өзі сатқындық жасағанын сатқындық деп есептемеген, керісінше ол өзінің идеясын қысқаша оймен түйіндеген: «Уақытылы сатып кету – ол сатып кету емес, керісінше алдын ала болжау» [2]. Бастапқыда, адамдардың идеяларға өкше-лей жүріп ізет тұтуы кезінде, ал айтқан сөзі мен жасаған ісінің байланысы жоғалмаған шақта, «талейран» (немесе қазіргі кезде жиі қолданып жүрген, қалыптасып қалған ұғым «талеранттылық») ұғымы келеңсіз, жағымсыз болды. Десек те, бұл ұғым Льюиса жазушының күнделікті пресса мен түрлі ақпарат құралдарының алдында орынды айтуының арқасында өзгертілді. Мансап мүмкіндіктеріне қол жеткізуде «орамдылық», тәсілқойлық қасиеттерінен басқа «алдын ала болжай алу» іскерлік қасиеті қосылды, бір ауыз сөзбен айтқанда толеранттылық.

«Толеранттылық» термині медицина саласынан шыққан және организмнің антигенді қабылдамайтынын білдіреді. (Мәселен, рактың төртінші кезеңінде метастазамен зақымдалған организм мінсіз толерантты). Орыс тілінде «толеранттылық» сөзі қашан пайда болды? – дегенге тоқталатын болсақ, «толеранттылық» термині медицинаның дамуына байланысты пайда болған. «Толеранттылық» медицина термині (*tolerantia* лат. сөзінен – төзімділік). Бұл терминді 1953 ж. П. Медавар ағылшын иммунологы кіргізген. Бөгде тканьдерді ауыстырылып қондырылған организмнің имунналық жүйесінің «төзімділікті» анықтап алуы. «Иммунологиялық паралич» «арсбелсенділік» т.б. терминдері толеранттылықтың түрлі формаларын білдіреді. «Толеранттылық» – иммунологиялық реакцияның толықтай немесе жартылай болмауы [3].

«Толерантты» деген сөз орыс тілінде XX ғасырдың екінші жартысында кездеседі. Бұл терминнің мағынасы «мейірімді, төзімді». Толеранттылық – толерантты болу қабілетті. Бұл

сөз француз тілінен алынған. Оның түпкі тамыры – латын тілінен *tolerate* – қолдау, атқару, орындау дегенді білдіреді. Ал, кейбір деректерде латын сөзі *tollere* – жоғары дәрежеге көтеру, ұлықтау, кие тұту. Қазіргі кезде толеранттылық сөзі медицинада, математикада, техника ұғымында да қолданылады. Оның тағы бір мағынасы – организмнің қолайсыз әсерлеріне төзу қабілеті, рұқсат етілген көлемдегі, мөлшердегі ауытқулар. Осы ұғым әлеуметтік-саяси ғылымдағы тұжырымдамалық аппаратқа да кірді. Әлеуметтік-саяси ұғымы ретінде толеранттылық – өзге діндерге, наным-сенімдерге, салт-дәстүрге, көзқарастарға, саясатқа төзімділікпен қарау дегенді білдіреді. Мысалы ретінде келтіретін болсақ, бұл сөз діни төзімділік туралы Актісінде қолданылсын делінген (*Toleration Act*), өзін 1649 ж. дін еркіндігін жариялаған америка континетіндегі бірінші заң.

Толерантты болу – өзгелердің құндылықтарын бөліп-жармау арқылы танып білу, құрметтеу дегенді білдіреді. Жаһандану жағдайында толеранттылық жеке басын куәландыру мәселесі ретінде қарастырылады.

Толеранттылық – мультимәдени саясатының құрамдас бөлігі – түрлі мәдениет жақтаушылардың бірлесе тұра алуының үрдісін қолдау.

Көптеген сарапшылар XXI ғ. бірінші онжылдығын мультикультурализм мен толеранттылықтың дағдарыс онжылдығы ретінде қарастырған. Атап айтқанда, (Рогозин Д) пікірінше, Еуропаның мұсылмандары ынтымақтастықта тұрады, өз тамырларын жоғалтпауға тырысады, этникалық кварталдарын құрады және қазіргі Еуропалық қоғаммен бірігіп ықпалдасады. Осы тұрғыдан қарастырып айтатын болсақ, толеранттылық өзіндік идентификацияны құртады, теріс эмоцияларды қалыптастырады, ең бастысы кемсіту сезімі пайда болады.

Толеранттық – [лат. *tolerancia* – төзімділік] – айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Толеранттылық латын тілінен аударғанда *tolerantia* – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді. Көбіне толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі. «Толеранттылық» (лат. «*tolerantia*» –

шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі:

1) бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау;

2) биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы.

Толеранттылық (*tolerantia* лат. сөзінен – төзу, төзімділік, ерікті түрде жаны ашу, қасірет шегу) – социологиялық термині өзге ұлттың дүниетанымына, өмір салтына, салт-дәстүрлеріне төзімділікпен қарау дегенді білдіреді. Толеранттылық енжарлықпен (немқұрайшылыққа тән) тең емес. Ол сонымен қатар, өзге ұлттардың өмір салтын қабылдап өмір сүру емес, керісінше басқалардың өз дүниетанымына сәйкес өмір сүруіне мүмкіндік беру дегенді білдіреді [4].

Философиялық энциклопедиялық сөздіктің анықтамасына сәйкес «толеранттылық – әр түрлі ой пікірлерге, әдеттерге, мінезге (нравам), өнегелеріне төзімділікпен қарау. Толеранттылық әр халықтардың, ұлттар мен діндердің ерекшеліктеріне қатысты қажетті. Ол өзіне деген сенімділігінің белгісі және ұстанған жолының дәйектілігіне сенімді болуы, барлық идеологиялық ағымдар үшін ашық болуы, осы ретте ол өзге көзқарастармен салыстыра отырып, рухани бәсекелестіктен қорықпайды» [5].

Толеранттылық құрметтеу дегенді білдіреді, өзге ұлттардың мәдениетін дұрыс түсіну мен қабылдау, яғни адамды жеке тұлға ретінде тану жолдары. Толеранттылық көну, кешірімшіл болу, жасанды әрекет жасау дегенді білдірмейді. Сонымен қатар, толерантты болу дегеніміз әлеуметтік әділетсіздіктерге төзу, наным-сенімдерінен бас тарту немесе өзгелердің нанымдарына жол беру, өзінің нанымдарын, көзқарастарына басқа адамдарды мәжбүрлеу дегенді білдірмейді [6].

Көптеген мәдениеттерде «толеранттылық» ұғымы «төзімділік» синонимімен ұштасып жатады: лат. *tolerantia*, ағыл. *tolerance*, нем. *Toleranz*, фр. *tolérance*. Сонымен қатар, XX ғ. барлық сөздіктерінде толеранттылықты бір ауыздан төзімділік деп тура түсіндіреді.

XX ғ. сөздіктерінде «толеранттылықты» өзгелердің өмір салтына, тәліміне, дәстүрлеріне, сезімдеріне, сенімдеріне, жеке пікірлеріне, идеяларына төзімділікпен қарау деп анықтама береді [7, 8, 9] немесе «толеранттылықты» «төзу» ұғымының синонимі ретінде деп атайды [10]. Брокгауза мен Ефронаның сөздігінде толеранттылықты динитөзімділік (веротерпимости) деп көрсетілген [11].

«Төзімділік» сөзі барлық орыс сөздіктерінде кездеседі. Атап айтқанда, В.И. Дальдің сөздігінде «төзімділік» ол мейірімділік пен кешірімшілдіктің арқасында төтеп беру қабілеті деп анықтамасын береді [12].

«Толеранттылық» ұғымы ғылыми қолданысқа XVIII ғ. енгізілген. Ресейде толеранттылық ұғымы XIX ғ. ортасында либералдық баспасөздерінде қолданыла бастады, бірақ та 1930 ж. ортасында ол ұғым саяси лексикадан түсіп қалды, содан кейін 1990 ж. басында ғана қайтадан қолданыла бастады [13].

90-шы ж. басында төзбеушілік саясатқа тікелей қатысты бола бастады және ол әлемнің қауіпсіздігі пен бейбітшілігіне қауіп-қатер ретінде қарастырылады.

Төзімділіктің принциптері Диклорациясына сәйкес (ЮНЕСКО, 1995 ж.) толеранттылықтың келесі анықтамалары белгіленді [14]: азаматтық қоғамның әлеуметтік нормалары мен құндылықтары, бұл азаматтық қоғамдағы барлық жеке тұлғалардың әр түрлі бола алуының мүмкіндігі, әртүрлі конфессия, саяси, этникалық және өзге де әлеуметтік топтар арасындағы тұрақты үйлесімді қамтамасыз ету, әртүрлі әлемдік мәдениеттердің, өркениеттердің, халықтардың өзіндік ерекшеліктерін құрметтеу [15].

Преамбуладағы БҰҰ Жарғысының алғысөзінде төзімділіктің ерекшеліктері туралы келесі анықтамалар көрсетілген: «құдайы көрші ретінде толеранттылықта бір-бірімен бейбітшілікте өмір сүру» [16].

Tolerance (ағылшын тілінен) – төзімді болуға дайын болу, мейірімді болу. Төзімділік (орыс тілінен) – кез келген нәрсеге шыдамдылық көрсету қабілеті, байсалды болу, төзімді болу, берік және табанды болу, өзгелердің пікірін ескеру, қамқор болу.

«Толеранттылық құрметтеу дегенді білдіреді, қазіргі әлемдегі сан қырлы бай мәдениетімізді дұрыс түсіне алу, қабылдау». Толеранттылық – ол адам құқықтарын, демократия мен құқықтық тәртіпті бекітуге ықпал ету. Толеранттылық – айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастардағы, мінезқұлықтағы басқаның құқығын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Көбіне толеранттылық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу деп түсіндіріледі. Толеранттылық жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың басқа адамдармен немесе

элеуметтік топтарымен қарым-қатынасынан көрініс табылатын психологиялық немесе элеуметтік-психологиялық мінез-құлқы ретінде; қазіргі қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі ретінде; тәуелсіздікке, дербестікке, идеяларды зорлықпен тануға жол бермеу ретінде; адам еркіндігін шынжырлайтын діни, этникалық, нәсілдік нанымдарды жоққа шығарушы ретінде қарастырылады.

1995 ж. ЮНЕСКО ұйымының құрылуының 50 жыл толуына байланыста өткізілген жиынында 16 қарашаны Халықаралық толеранттылық күні деп жариялады. Ал 1996 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы БҰҰ-ға мүше елдерге әр жыл сайын 16 қарашаны Халықаралық тағаттылық күні ретінде атап өтуді ұсынды. Сөйтіп, халықаралық қауымдастық толеранттылықты қазіргі заманғы адамзат болмысының іргелі тұғырнамасы ретінде мойындалды. Толеранттылық әр заманда адамзат үшін маңызды ұстаным болып табылды. Жаһанданған қазіргі әлем үшін оның маңызы еселеп артып келеді.

16 қараша әлемнің көптеген елдерінің тұрғындары төзімділік, немесе Халықаралық төзімділік күнін тойлайды. Бұл мереке Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен 1996 жылы құрылды. Төзімділік күні көптеген елдерде атап өтіледі. Бұл күні, БҰҰ-ға мүше мемлекеттер мен әлемнің басқа да халықтарының тұрғындары арасында төзімділікті тәрбиелеуге арналған қоғамдық іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың басым көпшілігі білім беру және кәсіби білім беру мекемелеріне бағытталған, бірақ та өткізілетін кейбір іс-шаралар бүкіл қоғам үшін де жүзеге асырылады.

1995 ж. қабылданған төзімділік Декларациясы төзімділік күнінің сақталуына арналған. Бұған сәйкес, толеранттылық деген әлемдегі әрбір халықтың мәдениетінің алуантүрлілігін қабылдай және құрметтей білудің бір белсенді ұстанымын білдіреді. Толеранттылық деген тек қана мәдениеттердің, ұлттардың өзіндік келбетін мойындау ғана емес, сонымен бірге адамдардың да пікірлерінің әр алуандығын мойындауды білдіретін ұғым. Оның басты мақсаты, кейінгі кездердегі әлемде болып жатқан барлық зорлық-зомбылық пен экстремизмді біртіндеп азайту болып табылады. Мемлекеттермен декларацияға қол қойылды – алты арнайы құрылған төзімділік жалаулары көтерілді. ЮНЕСКО-ның барлық салалары арнайы іс-шаралар мен кездесулерді кең ауқымды ұйымдастырды. Неміс суретші Хелмут Лангер осы логотипті құрды [17].

«Толеранттық» деген атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мазмұн-мағынасы қазақтың төл сөзі – кәдімгі төзімділік дегеннің баламасы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында осы маңызды мәселе – үнемі басты орында. Қазақстандықтар үшін негізгі құндылық – ұлтаралық татулықты сақтау, көпұлтты Қазақстан жағдайында бірін-бірі түсіну, сену мен құрметтеу және азаматтық келісімді орнату [1].

Толеранттылық мәселесін елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдауында ерекше атап өтті: «Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруымыз», – деді. Және осы бағытта Қазақстан халықтарының ассамблеясында біршама игі істер атқару үстінде. Бұл істердің негізінде елбасымыздың ұлтаралық мәселелер жөніндегі ішкі және сыртқы саяси бағдарламалары негіз болып отыр. Бұл бағдарламалар біздің болашақ ғылыми зерттеулерімізде негізгі ұстанымы болмақ [1].

Толеранттылық – адам құқығы мен бостандығы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар арасындағы, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті білдіреді. Толеранттылық түрлі халықтардың, ұлттардың және діндердің ерекшеліктеріне қатысты қажет болатын қасиет.

Тарихтың әр кезеңінде біздің республикамыз түрлі себептермен көптеген этнос пен ұлыстар өкілдерінің Отанына айналды. Қазақстанда 140-қа тарта ұлыс тату-тәтті тұрмыс құрып, айрандай ұйып отыр. Осы жарастық халықаралық деңгейде «қазақстандық феномен» деген жаңа терминді туғызды. Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Толеранттылық – ұран емес, ол біздің өмір салтымыз!» деуінің өзі толеранттық біз үшін саммит алдында бөтен елдерге көз қылып арзан ұпай жинау емес, қазақтың қанына сіңіп кеткен өмір дағдысы екенін айғақтап тұр. Оған осы Тәуелсіздіктің 22 жылында өзге ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүрген уақыт куә. Бұдан артық дәлелдің де керегі жоқ. Әлбетте, қазақтың қанында толеранттық қасиет болмаса, елдегі бүгінгідей татулық пен достыққа қол жеткізер ме едік?! Қазір Қазақстандағы тұрақтылық ахуал дос сүйсініп, дұшпан күйінетіндей халде. Енді осы жарастылықты шайқап-төгіп алмай, одан әрі келешек ұрпаққа аманаттап кету – бүгінгілердің парызы.



Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар – ел игілігі жолында ынта мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі – ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Сонда біздің ұпайымыз түгел болатыны белгілі. Толеранттылық бізді ассимиляцияға түсірмеуі тиіс. Сондықтан мемлекеттік саясатты барынша айқындап алуымыз шарт. Сонда ғана толеранттылық біздің мақсат-мүддемізге жұмыс істейтін болады.

Қазақ жерінде тұратын барлық этнос өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділік, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікті сезінетін асыл, қымбат құндылықтарымызды тынымсыз жүргізілген жұмыстардың нәтижесінің арқасында екенін түсіне біліп, достық пен татулықтың шынайы мекені болған Қазақстанның тағдырына, оның келешегіне бей-жай қарамай, ары қарай дамып, гүлденуіне өз септігімізді тигізуіміз керек. Бұл – біздің қасиетті борышымыз бен міндетіміз.

Төзімділік – ол қайырымдылық, жанашырлық, құрметтеу, мейірімділік, шыдамдылық, сезімталдық, ымыраластық, мәмлегерлік, бітімгерлік, ауыз-түйістік, ықыластық, кең пейілділік, ақ ниеттілік, серіктестік, меймандылық, ізгілік, пәтуаға келу, достық, алуан түрлі үйлесім, бейбітшілік пен келісім жолы. Ойымызды түйіндей келе, жарастық табу – толеранттылықтың негізі. Тарихи тәжірибе толеранттылық сананың әр түрлі деңгейі барлығын көрсетеді:

– «Бөтенді» – барынша кінәлау, қудалау немесе күшке негізделген келісім;

– «Бөтенмен» – ымырасыз күрес, оны идеялық «әшкерелеу», тыйым салу, бірақ жазалауға бармау;

– Парықсыздық, талғаусыздық, «маған бәрі бір» – деп құндылықтарға бей-жай қарау;

– «Бөтенді» – қабыл алмау, бірақ оған және оны қолдаушыларға құрмет көрсету;

– «Бөтенді» – іс жүзінде қолдау, оны күшпен ығыстырумен келіспеу, қоғамда өз орнын алуын мойындау.

Толеранттылық ХХІ ғасырда экономикалық дамудың маңызды факторы және әлемдік экономиканы рецессия жағдайынан алып шығушы тұтқа болып отыр. Қазақстанда бұл тәсіл уақытпен тексеріліп, сынақтан өткізілген, сондай-ақ оның тиімділігі тарихпен дәлелденген. Қазақстан осында өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың шынайы Отаны бола білді. Олардың жалпы тарихи тағдырлары ұқсас және біздің бәріміз үшін бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау маңызды болып қала бермек. Тек өзінің ұлттық шығу тегін сыйлаған адам ғана басқалардың мәдениетін сыйлай алады. Этникалық толеранттылықты қалыптастыру тұрғылары, яғни, Ұлттық Құндылық, Пайымды тәуелділік. Ынтымақты Құрамдас Бірлік, Әлеуметтік Кәсіби Даралық символы мен ізгілік үндестігі арқылы Мәңгілік Ел идеясын жасампаз ете аламыз.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauly-2012-zhylhy-14-zheltoks\\_1357813742](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauly-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742)
- 2 <http://alex-nacharov.livejournal.com/9215.html>
- 3 [loza.prihod.ru/v\\_pomoshh\\_uchitelju\\_opk\\_razdel/view/id/10582](http://loza.prihod.ru/v_pomoshh_uchitelju_opk_razdel/view/id/10582)
- 4 Viktor Emil Frankl. Wörterbuch der Logotherapie und Existenzanalyse. – S. 471–472.
- 5 Философский энциклопедический словарь / под ред. А. Б. Васильева. – 2-е изд. – М.: Инфра-М, 2011. – 576 с. – ISBN 978-5-16-002594-0.
- 6 Рамазан Г. А. Этнополитология: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – СПб.: Питер, 2004. – С. 182.

- 7 Балцевич В.А., Балцевич С.Я. Толерантность // Энциклопедия социологии. – М., 2003.
- 8 Толерантность, в третьем значении // Большой энциклопедический словарь. – вт.: ред. А.М. Прохоров, Изд. – СПб: Норинт, изд. 2-е, 2002. – 1456 с.
- 9 Словарь иностранных слов и выражений. – М., 1998. – 477 с.
- 10 Толерантность // Толковый словарь русского языка Ушакова, 1935–1940.
- 11 Толерантность // Словарь Брокгауза и Ефрона, 1890–1907.
- 12 Даль В. Терпеть // Толковый словарь русского языка. – М., 1998. – Т. 3.
- 13 Семашко М. А. Развитие термина «толерантность» в гуманитарных науках // Электронный научно-педагогический журнал, 2007. – № 10.
- 14 Толерантность // Безопасность: теория, парадигма, концепция, культура. – Словарь-справочник. – М., 2005.
- 15 Декларация принципов толерантности – [www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/toleranc.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/toleranc.shtml)
- 16 Преамбула Устава Организации Объединенных Наций – [www.un.org/ru/sections/un-charter/preamble/index.html](http://www.un.org/ru/sections/un-charter/preamble/index.html)
- 17 Декларация принципов толерантности. – М., 1995.

### Referances

- 1 Nazarbaev N. Kazakstan – 2030. El Prezidentinin Kazakstan halkyna zholdauy. [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylyhy-14-zheltoks\\_1357813742](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylyhy-14-zheltoks_1357813742)
- 2 <http://alex-nacharov.livejournal.com/9215.html>
- 3 [loza.prihod.ru/v\\_pomoshh\\_uchitelju\\_opk\\_razdel/view/id/10582](http://loza.prihod.ru/v_pomoshh_uchitelju_opk_razdel/view/id/10582)
- 4 Viktor Emil Frankl. Wörterbuch der Logotherapie und Existenzanalyse. – S. 471–472.
- 5 Filsofskijj ehnciklopedicheskijj slovsr» / Pod red. A.B. Vasil»eva. – 2-e izd. – М.: Infra-M, 2011. – 576 s. – ISBN 978-5-16-002594-0.
- 6 Ramazan G.A. Ehtnopolitologija: uchebnoe posobie dlja studentov vysshikh uchebnykh zavedenijj. – SPb.: Piter, 2004. – S. 182
- 7 Balcevich V.A., Balcevich S.Ja. Tolerantnost'' // Ehnciklopedija sociologii. – М., 2003.
- 8 Tolerantnost'', v tret''em znachenii // Bol''shoi ehnciklopedicheskijj slovsr»- vt.: red. Prokhov A.M., Izd. – SPb: Norint, izd. 2-e, 2002, – 1456 с.
- 9 Slovsr» inostrannykh slov i vyrazhenijj. – М., 1998. – 477 s.
- 10 Tolerantnost'' // Tolkovyjj slovar'' russkogo jazyka Ushakova, 1935-1940.
- 11 Tolerantnost'' // Slovar'' Brokgauza i Efrona, 1890-1907.
- 12 Dal'' V. Terpet'' // Tolkovyjj slovar'' russkogo jazyka. – М., 1998. – Т. 3.
- 13 Perejti k: 1 2 Semashko M.A. Razvitie termina '' tolerantnost'' '' v gumanitarnykh naukakh // Ehlektronnyjj nauchno-pedagogicheskijj zhurnal, 2007. – № 10.
- 14 Tolerantnost'' // Bezopasnost'': teorija, paradigma, koncepcija, kul''tura. – Slovar''-spravochnik. – М., 2005.
- 15 Deklaracija principov tolerantnosti – [www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/toleranc.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/toleranc.shtml)
- 16 Preambula Ustava Organizacii Ob«edinennykh Nacijj – [www.un.org/ru/sections/un-charter/preamble/index.html](http://www.un.org/ru/sections/un-charter/preamble/index.html)
- 17 Deklaracija principov tolerantnosti. – М., 1995.